

ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ПӘНІ БІРЛЕСТІГІНІҢ 2025–2026 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН ЖЫЛДЫҚ ҚОРЫТЫНДЫ ЕСЕБІ

2025–2026 оқу жылында дене шынықтыру пәні бірлестігінің жұмысы Қазақстан Республикасының білім беру стандартына, оқу бағдарламасына және мектептің жылдық жоспарына сәйкес жүргізілді. Бірлестіктің негізгі мақсаты – оқушылардың денсаулығын нығайту, дене тәрбиесі арқылы салауатты өмір салтын қалыптастыру, спортқа деген қызығушылығын арттыру және оқушылардың шығармашылық, физикалық қабілеттерін дамыту болды.

Оқу жылы барысында дене шынықтыру пәні мұғалімдері оқу-тәрбие процесін сапалы ұйымдастырып, оқушылардың дене дайындығын жетілдіру, спорттық шеберліктерін дамыту, ұлттық және бұқаралық спортты насихаттау бағытында жүйелі жұмыстар жүргізді.

Бірлестік жұмысы жылдық жоспар негізінде ұйымдастырылып, жоспарланған іс-шаралардың басым бөлігі толық орындалды. Оқу жылы ішінде оқушылардың спортқа деген қызығушылығы артып, мектепшілік, аудандық, облыстық жарыстарға қатысу белсенділігі жоғары деңгейде болды.

Бірлестіктің мақсаты мен міндеттері

Негізгі мақсаты:

Оқушылардың денсаулығын сақтау және нығайту, олардың дене мәдениетін қалыптастыру, спортқа баулу, белсенді өмір салтын ұстануға тәрбиелеу.

Міндеттері:

- Оқушылардың дене дайындығын жетілдіру;
- Сабақ барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау;
- Салауатты өмір салтын насихаттау;
- Ұлттық спорт түрлерін дамыту;
- Дарынды спортшы оқушыларды анықтау;
- Спорттық жарыстар ұйымдастыру;
- Оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру;
- Ата-аналармен байланыс жұмыстарын жүргізу;
- Заманауи педагогикалық технологияларды қолдану;
- Олимпиада, жарыс, турнирлерге қатысуды қамтамасыз ету.

Бірлестік құрамы туралы мәлімет

2025–2026 оқу жылында дене шынықтыру пәні бірлестігінде төмендегі мұғалімдер қызмет атқарды:

№	Мұғалімнің аты-жөні	Білімі	Санаты	Еңбек өтілі
1	Құдайсүгіров Еркін Өтегенұлы	Жоғары	Педагог-модератор	13 жыл

2	Бердигалиев Асхат Елеугазиевич	Жоғары	Педагог-модератор	5 жыл
3	Андиров Алтай Калдығалиевич	Жоғары	Педагог-зерттеуші	13 жыл
4	Бердібекұлы Мейірбек	Жоғары	Педагог-модератор	7 жыл
5	Сафина Салтанат Әділқызы	Жоғары	Санатсыз	2 жыл

Пән мұғалімдері оқу бағдарламасына сәйкес күнтізбелік-тақырыптық жоспарларын уақытылы әзірлеп, сабақтарын талапқа сай өткізді. Мұғалімдер өз білімдерін жетілдіру мақсатында семинарларға, вебинарларға қатысып, тәжірибе алмасты.

Оқу-тәрбие жұмыстары

Оқу жылы барысында дене шынықтыру пәні бойынша барлық сыныптарда сабақтар оқу бағдарламасына сәйкес өткізілді. Сабақ барысында оқушылардың жас ерекшеліктері ескеріліп, дене жүктемелері реттеліп отырды.

Сабақтарда:

- жалпы дамыту жаттығулары;
- жүгіру, секіру, лақтыру жаттығулары;
- гимнастикалық жаттығулар;
- футбол, волейбол, баскетбол элементтері;
- қозғалмалы ойындар;
- ұлттық ойындар;
- эстафеталық жарыстар ұйымдастырылды.

Әр сабақтың басында техника қауіпсіздігі ережелері түсіндіріліп, оқушылардың қауіпсіздігі басты назарда болды.

Пән мұғалімдері сабақ барысында оқушылардың қызығушылығын арттыру үшін:

- ойын технологияларын;
- деңгейлік тапсырмаларды;
- топтық жұмыстарды;
- жарыс элементтерін;
- сыни тұрғысынан ойлау әдістерін қолданды.

Нәтижесінде оқушылардың сабаққа қатысу белсенділігі жоғарылап, спортқа деген қызығушылығы артты.

Әдістемелік жұмыстар

Бірлестік мұғалімдері әдістемелік бағытта жүйелі жұмыстар жүргізді. Жыл бойы әдістемелік отырыстар өткізіліп, оқу бағдарламасындағы өзгерістер талқыланды.

Өткізілген әдістемелік жұмыстар:

- Бірлестік отырыстары;
- Ашық сабақтар;

- Сыныптан тыс іс-шаралар;
- Тәжірибе алмасу жұмыстары;
- Өзара сабаққа қатысу;
- Жас мамандармен жұмыс;

Қаралған мәселелер:

- Қысқа мерзімді жоспар құру;
- Қауіпсіздік ережелерін сақтау;
- Инклюзивті білім беру жағдайында дене шынықтыру сабағын ұйымдастыру;
- Ұлттық ойындарды сабақта қолдану;
- Оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру.

Ашық сабақтар және сыныптан тыс іс-шаралар

2025-2026 оқу жылында «Салауатты өмір - жарқын болашақ» атты апталық өткізіп, мұғалімдер өзара тәжірибе алмасты.

Ашық сабақтар барысында мұғалімдердің кәсіби шеберлігі байқалып, заманауи әдіс-тәсілдерді тиімді қолданғаны көрінді.

№	Іс-шаралар тақырыбы	Жұмыс түрі	Сыныбы	Жауапты мұғалімдер	Өткізілетін уақыты
1	4 – сыныптар арасында шағын футбол жарысы	Сыныптан тыс іс-шара	4 - сыныптар	М.Бердібекұлы	13.01.2026 15:00-16:00
2	Волейбол ойын ережелері	Ашық сабақ	8 «А»	Е.Ө.Құдайсүгіров	14.01.2026 13:15-14:00
3	5-сыныптар арасында эстафета жарысы	Сыныптан тыс іс-шара	5-сыныптар	А.Е.Бердигалиев	15.01.2026 10:25-11:10
4	Волейбол алаңындағы қозғалыстар	Ашық сабақ	6 «А»	А.Е.Бердигалиев	15.01.2026 14:50-15:35
5	Дене жаттығулары кезінде өзін-өзі басқару	Ашық сабақ	3 «А»	С.Ә.Сафина	15.01.2026 15:50:16:35
6	Волейбол. Алаңдағы қозғалыстар	Ашық сабақ	7 «А»	А.К.Андиров	15.01.2026 13:10-13:55
7	Қыс мезгіліндегі ойындар	Ашық сабақ	4 «В»	М.Бердібекұлы	16.01.2026 09:45-10:30
8	Ұлттық ойындар	Сыныптан тыс іс-шара	7 - сыныптар	А.К.Андиров	16.01.2026
9	Әкем, анам және мен	Эстафеталық жарысСыныптан тыс іс-шара	6-сыныптар	Е.Ө.Құдайсүгіров	17.01.2026

Өткізілген сыныптан тыс спорттық іс-шаралар:

- «Көңілді старт» жарысы;
- Мектепішілік шағын футбол жарысы;
- Президенттік тест;
- Ұлттық ойындар жарысы;
- Наурыз мерекесіне арналған ұлттық спорт түрлері;
- Эстафеталық жарыстар.

Іс-шаралардың мақсаты – оқушыларды спортқа баулу, ұйымшылдыққа тәрбиелеу, салауатты өмір салтын насихаттау болды.

Спорттық іс-шаралар, жарыс нәтижелері:

2025–2026 оқу жылында оқушылар дене шынықтыру пәні бойынша мектепішілік және аудандық, облыстық деңгейде көптеген спорттық жарыстарға белсенді қатысып, жүлделі орындарға ие болды.

- 5-11 сынып оқушылары арасында туризм, жас туристер қалалық сайысында алғыс хат;
- Мектеп лига шағын футбол жарысынан 5-6 сынып ер балалары арасында қалалық кезеңінен III орын;
- Мұғалімдер арасында туризм қалалық сайысында командалық есепте III орын;
- Мұғалімдер арасында туризм қалалық сайысында жекелеген есепте I, II, III жүлделі орындарға ие болды.
- «Жұлдызай-2026» ұлттық инклюзивті ойындарының облыстық кезеңінде бес асық спорт түрінен жүлделі 1 орын

Оқушылардың жетістіктері мектеп абыройын көтеріп, спортқа деген қызығушылықтарын арттырды.

Спорттық секция жұмыстары:

Оқу жылы барысында спорттық секциялар тұрақты жұмыс жасады.

Секциялар:

- Футбол;
- Волейбол;
- Гандбол;
- Тоғызқұмалақ;

№	Жаттықтырушы аты-жөні	Секция атауы	Өтетін орны	Өтетін уақыты
1.	Құдайсүгіров Еркін	«Гандбол» 7-8 сынып (ер балалары) 9-10-11 (ер балалары)	Спорт зал	Бейсенбі 19:15-20:00 Сенбі 11:00-11:45 11:45-12:30

2.	Бердигалиев Асхат	«Шағын футбол» 4-5-6 сынып (ер балалары) 7-8 сынып (ер балалары) 4-5-6 сынып (қыз балалары) 7-8 сынып (қыз балалары)	Спорт зал	Сәрсенбі 19:15-20:00 20:00-20:45 Бейсенбі 16:45-17:30
3.	Андиров Алтай	«Волейбол» 5-6 сынып 7-8 сынып 9-10-11 сынып	Спорт зал	Сейсенбі 19:15-20:00 20:00-20:45 Сенбі 10:00-10:45
4.	Бердібекұлы Мейірбек	«Шағын футбол» 9-10-11 сынып (ер балалары)	Спорт зал	Жұма 19:15-20:00 20:00-20:45 Сенбі 10:00-10:45
5.	Сафина Салтанат	«Тоғызқұмалақ» 2-3-4 сынып	Спорт зал	Дүйсенбі 13:00-14:00 Сәрсенбі 13:00-14:00

Секцияларға қатысқан оқушылардың спорттық қабілеттері дамып, бос уақыттарын тиімді пайдалануға мүмкіндік алды.

Қауіпсіздік техникасы

Сабақ барысында қауіпсіздік техникасы қатаң сақталды. Әр тоқсан сайын нұсқаулықтар жүргізіліп, арнайы журналдарға тіркелді.

Спорт залында және спорт алаңында:

- жарақаттың алдын алу;
- спорттық құралдарды дұрыс пайдалану;
- санитарлық талаптарды сақтау жұмыстары тұрақты жүргізілді.

Оқу жылы барысында қауіпсіздік ережелерінің сақталуы бақылауда болды.

Ата-аналармен жұмыс

Пән мұғалімдері ата-аналармен тығыз байланыста жұмыс жүргізді.

Жүргізілген жұмыстар:

- Спорттық жарыстарға ата-аналарды тарту;
- Оқушылардың денсаулығы туралы ақпарат беру;
- Спорттық киім талаптарын түсіндіру;
- Балалардың спортқа қатысу белсенділігі туралы кері байланыс жасау.

Жетістіктер

- Оқушылардың спортқа қызығушылығы артты;
- Жарыстарға қатысу белсенділігі жоғары болды;
- Спорттық іс-шаралар сапалы ұйымдастырылды;
- Мұғалімдердің кәсіби белсенділігі байқалды.

Келесі оқу жылына міндеттер

2026–2027 оқу жылында:

- спорттық үйірмелер санын көбейту;
- оқушыларды аудандық, облыстық жарыстарға көбірек қатыстыру;
- ұлттық спорт түрлерін дамыту;
- материалдық-техникалық базаны нығайту;
- цифрлық технологияларды сабақта тиімді пайдалану;
- дарынды спортшылармен жүйелі жұмыс жүргізу жоспарлануда.

Қорытынды

2025–2026 оқу жылында дене шынықтыру пәні бірлестігінің жұмысы жоспарға сәйкес жүргізіліп, қойылған мақсат-міндеттер негізінен орындалды. Пән мұғалімдері оқу-тәрбие жұмыстарын жүйелі ұйымдастырып, оқушылардың дене тәрбиесіне, денсаулығына, спортқа деген қызығушылығын арттыру бағытында нәтижелі еңбек етті.

Оқушылардың спорттық белсенділігі артып, түрлі жарыстарға қатысу көрсеткіші жоғарылады. Жыл бойы өткізілген іс-шаралар оқушылардың ұйымшылдығын, жауапкершілігін, салауатты өмір салтын ұстануын қалыптастыруға оң әсер етті.

Алдағы уақытта да дене шынықтыру бірлестігі оқушылардың денсаулығын нығайту, спорттық қабілеттерін дамыту және сапалы білім беру бағытында жұмыстарын жалғастырады.

Дене шынықтыру бірлестігінің жетекшісі:

Е.Ө.Құдайсүгіров

38 қазақ орта мектебі

**ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ПӘНІ БІРЛЕСТІГІНІҢ
2025–2026 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН ЖЫЛДЫҚ
ҚОРЫТЫНДЫ ЕСЕБІ**

2025-2026 оқу жылы